

# КПО ЭЛЕКТРЖАБДЫҚТАРЫ БОЙЫНША ТЕХНИКАЛЫҚ ВЕБИНАР

## IMB орталығы қатысуымен

Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.

# ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТАРТУ

Осы слайдттарда көрсетілген ақпарат танысу үшін берілді. Ол ағымдағы жоспарларға сәйкес КПО компаниясының талаптарына алдын ала сипаттамасын білдіреді, бірақ КПО жобаларды жоспарлау және іске асыру барысында осы ақпаратты өзгерту құқығын өзіне қалдырады, сондай-ақ КПО осы ақпаратты пайдалану нәтижесінде туындаған кез келген заладар немесе шығындар үшін жауапты болмайды. Бұл ақпарат КПО мен семинарға қатысатын мердігерлер арасындағы қандай да бір шартқа енгізілмейді.

Бүгінгі талқылау КПО мен оның мүдделі тараптары жергілікті қамтуды дамыту үшін қабылдайтын көптеген іс-шаралардың бірі болып табылады.



# Электрлік тауарлар Жергіліктендіру мүмкіндіктері

# Электр тауарлары

## Электр кабельдер



- ✓ Қуат кабельдері (көп талшықты және бір талшықты)
- ✓ Жерге тұйықтау кабельдері (бір талшықты)

## Кабель желілері жүйелері




- ✓ Кабель науалары - сатылы / қорапты
- ✓ Қосалқы жабдықтар (иіндер , муфталар, болттар, сомындар және т.б.)

## Электр жылыту жүйесі



- ✓ Жылытушы таспалар
- ✓ Таратқыш және үшжақты тораптар
- ✓ Термостаттар

## Кабель фитингілері



- ✓ Сауытталған кабельдерге арналған кабель өткізгіш
- ✓ Сауытталмаған кабельдерге арналған кабель өткізгіш
- ✓ Кабельдерге арналған транзит блоктар

**Мәлімделген электр тауарлары**

## Жарықтандыру



- ✓ Шамдар мен прожекторлар
- ✓ Шам (лампалар) (жарықдиодты шамдар, жоғары қысымды натрий шамдар)
- ✓ Қосалқы жабдықтар

## Төмен вольтты құрылғылар



- ✓ Коммутациялық аппараттар – шағын тізбек ажыратқыштары және сақтандырғыштар
- ✓ Клемма қораптары және қосалқы жабдықтар
- ✓ Жарылыстан қорғалған таратқыш тораптар және өнеркәсіптік мақсатта қолданылатын таратқыш тораптар

## Тарату құрылғылары



- ✓ Тарату қалқандары
- ✓ Коммутациялық тақталар

## Қуат трансформаторлары



- ✓ Таратқыш трансформаторлар
- ✓ Блокты трансформаторлық қосалқы стансалар
- ✓ Қосалқы жабдықтар (оқшаулағыш ішпектер және т.б.)

# Қуаттылық және бақылау кабельдері



## Кабель құрылымы:

- Өрінділер оқшулауы  тігілген полиэтиленнен, қаптамасы ПВХ, Қорғаныс қабаты мырышталған дөңгелек болат сымдардан жасалған.
  Белгіленуі – ПвКбШв



## Кабель өзектері:

- Күйдірілген мыстан жасалған өрінділер, дөңгелек немесе профильді қималы.
- Өрінділер арасындағы бос орындар гигроскопиялық емес толтырғышпен толтырылуы тиіс.



## Орнату және пайдалану:

- $-15^{0}$С температурада орнату.
- жұмыс температурасы: -40°С-қа дейін

# Қуатты кабельдерді жеткізуге қойылатын талаптар

## Кабель барабандары:



- Барабандарға кабельдердің мүмкіндігінше ұзын үзіліссіз кесінділері оралуы тиіс.
- Сатып алу тапсырысының нөмірі, тапсырыстағы позиция нөмірі, барабан нөмірі және қойма коды анық белгіленуі тиіс.
- Кабельдің ұштары герметикалық түрде оқшауланған және барабанға екі ұшына да қол жеткізуге болатындай етіп бекітілген болуы тиіс.

## Ілеспе құжаттама




- Сәйкестік сертификаттары
- Кабель спецификациясы.
- Кабель Сынақ хаттамасы.
- Үлкен тапсырыстар кезіндегі кабель барабандары журналы

# Кабель сатылары және науалары

## Материал:



- 17ГС маркалы төментемпературалық болат, сондай-ақ келісім бойынша кремний толтырғышы бар жұмсақ болат қолдануға рұқсат етіледі.
- Болаттың минималды қалыңдығы 1,5 мм-ден кем болмауы тиіс.
- Ыстық әдіспен мырышталған, мырыш қабатының ең аз қалыңдығы 40 микрон.

## Пайдалану жағдайлары



- Кабельдік жәшіктер мен баспалдақтар, сондай-ақ олардың аксессуарлары ашық ауа райында -40°С-тан +45°С-қа дейінгі температураларда жұмыс істеуге есептелген болуы тиіс.
- Есептік қызмет мерзімі 20 жылдан кем емес.
- Материал келесі атмосфералық әсерлерге төзімді болуы тиіс:
  - күкірт диоксиді $SO_2$ мөлшері – 0,5 мг/м³
  - күкіртсутегі $H_2S$ мөлшері – 0,008 мг/м³

# Кабель тығыздамалары (фитингтер)



## Материал:

- Никельденген латунь, қосымша нержавейка болат.



## Кабель тығыздамасының құрылымы.

- Жарылғыш қорғанысқа арналған (Ex-e, Ex-d), IP66 дәрежесі, қосымшаларымен: қарсы бұранда, жерге қосу сақинасы, IP шайбасы және тілімді шайба.
- Құрылымы дөңгелек болат сымнан жасалған кабель сауытынан қысуға жарамды болуы тиіс.




## Орнату және пайдалану:

- Барлық қосымшалар, әсіресе IP шайбалар (нейлон төсеніштер) -40°C дейінгі ең төменгі температураға сәйкес келуі тиіс.

# Тaратқыш тораптар



## Материал:

- Материал агрессивті орталарға төзімді болуы тиіс (мысалы, шыны пластик немесе тот баспайтын болат).
- Материал антистатикалық қасиетке ие болуы тиіс.
- Материал берік болуы және 20 Нм-ге дейінгі соққы жүктемелеріне төтеп беруі керек.



## Тарату қорабының құрылымы:

- Қорабы Ex-e, IP 66 жарылыстан қорғалған орындауда болуы керек.
- Қораптың ішіне үздіксіз жерге тұйықтану пластиналары орнатылуы керек, ал болты сыртқа шығуы керек.
- Клеммалық терминал дин-рейлға берік бекітілуі керек.



- Жұптастырылған терминалдарда зауыттық қосқыштар болуы керек.
- Қорап Ex тығыздағыштарын орнатуға жарамды болуы керек. Жеткізу кезінде барлық кабель шығуларында сертификатталған Ex тығыздағыштары болуы тиіс.

# Өздігінен реттелетін жылыту кабельдері



## Кабель құрылымы:

- Сыртқы оқшаулау қабығы – өзгертілген полиолефин немесе фторполимерден жасалған. Қалайыланған мыстан жасалған тоқыма.
- Жерге тұйықтау сымдары, өздігінен реттелетін ток өткізетін сым және никельденген мыс өткізгіштер.




## Негізгі сипаттамалар:

- Қоректену кернеуі: 230В айнымалы ток, 50 Гц.
- Жарылысқа қорғалған (Ex-e) орындалуы.
- Жылытылатын беттің түрі – көміртекті болат, тот баспайтын болат, боялған және боялмаған металл.



## Қосалқы жабдықтар:

- Ex термостаты – желінің және қоршаған ортаның температурасы бойынша.
- Жылыту кабельдерін таратуға арналған Ex қораптары.
- Ex аяқтауыштар терминалдары.
- Электр қуатын қосуға арналған Ex қуаттық қораптары.

# Сыртқы орнатылатын тарату қораптары:



## Материал:

- Шыны пластик (өнеркәсіптік жасақтамада да) – агрессивті орталарға жоғары төзімділігі үшін.
- Енгізу автоматының бөлімін алюминий қорытпасынан жасауға рұқсат етіледі (Ex-d корпус жағдайында).



## Құрылымы:

- Өндірістік немесе жарылысқа қорғалған орындалуы. Ex-e корпус басымды, Ex-d - тек жоғарыда көрсетілген жағдайда ғана.
- Корпус қақпағын ашпастан шығатын АВ басқару қамтамасыз етілуі тиіс.
- Жаңбырдан қорғау үшін күнқағар қарастырылуы тиіс.



- Пайдалану температурасы: -40°С-қа дейін
- Кабельдерді енгізу үшін сауалнама парағына сәйкес тақта болуы тиіс.
- Құрылғы панелінің ішкі жылытуы қарастырылуы тиіс (АВ-дың жұмыс температурасын сақтау үшін, -20°С-қа дейін).

# Блокты трансформаторлық қосалқы стансалар ЖТҚС



## Техникалық параметрлері:

- Кернеу: 6/0,4 кВ.
- Қолданылатын қуаттар қатары: 25, 63, 100, 160, 250 кВА.
- 6 кВ ауа желісі арқылы жоғары кернеулі жағының қосылымы.



## Құрылымы:

- Корпус IP54 деңгейінде жасалған болуы тиіс. Жоғары вольтты жағы қорғаныш сақтандырғышпен және разрядникпен жабдықталған болуы тиіс.
- Төмен вольтты жағы енгізу автоматымен және үлгілік спецификацияларға сәйкес шығатын автоматтармен жабдықталған болуы тиіс.



## Ерекше талаптар:

- Техникалық есепке алу үшін электр энергиясының есептегіші орнатылуы тиіс, ол ЭКЕАЖ жүйесіне қосылу мүмкіндігіне ие болуы керек.

# Жарықтандыру



## Жарықтандыру түрлері:

- 12м биіктіктегі мачталы тіректердегі прожекторлы жарықтандыру жаңа ұңғымалар мен сателлиттер үшін қолданылады;
- Жергілікті жарықтандыру жұмыс алаңдарын, шағын өту жолдарын жарықтандыруға арналған, жұмыс істеп тұрған зауыттардағы жаңа нысандарды жобалау кезінде.



## Құрылымы:

- 2-аймақ үшін жарылысқа қорғалған орындалу, корпус IP55 кем дегенде.
- Шамдардың және жарық бергіш бағандардың корпустары агрессивті орталарға төзімді болуы тиіс.
- Жобалық спецификацияда көрсетілген жағдайда өнеркәсіптік типтегі шамдарды қолдануға рұқсат етіледі.



## Ерекше талаптар:

- КПО компаниясы энергия үнемдеу принциптерін ұстанады, сондықтан жеткізілетін барлық шамдар жарықдиодты шамдармен болуы тиіс.
- Сыртқы шамдардың жұмыс температурасы: -40°С-тан +40°С-ға дейін.

# Компанияның техникалық шарттарының негізгі талаптары

## КОМПАНИЯНЫҢ СПЕЦИФИКАСЫ

- ✓ **KPO-00-ENG-SPC-00033** – Қуаттық кабельдер, бақылау кабельдері және байланыс кабельдері.
- ✓ **KPO-00-ELT-SPC-00010** – Сыртқы орнатқыш трансформаторлар мен тарату қалқандары.
- ✓ **KPO-00-ELT-SPC-00019** – Тарату қалқандары.
- ✓ **KPO-00-ELT-SPC-00028** – Электрлі жылыту кабельдері.
- ✓ **KPO-00-ELT-SPC-00036** – Кабельдік жолдар, кабельдік баспалдақтар және қосалқы жабдықтар.
- ✓ **KPO-00-ELT-SPC-00038** – Электрлік стандартты емес өнімдерге қойылатын талаптар.
- ✓ **KPO-00-ELT-SPC-00044** – Жарықтандыру және төмен қуатты тұтынушыларды жобалау философиясы.

## ҚР ТАЛАПТАРЫ

- ✓ МЕСТ 31996-2012 – 0,66; 1 және 3 кВ номиналды кернеуге арналған пластикалық оқшаулауышты қуаттық кабельдер.
- ✓ МЕМСТ 60332-3-24 – Электрлік және оптикалық кабельдердің от әсері жағдайында сынақтары.
- ✓ ҚР ҚН 60502-1-2022 – 1-ден 30 кВ-қа дейінгі номиналды кернеуге арналған экструзиялық оқшауланған қуаттық кабельдер және кабель арматуралары.
- ✓ МЕМСТ 11677-85 – Қуаттық трансформаторлар. Жалпы техникалық шарттар.
- ✓ МЕМСТ  20783-81 – Кабельдік жолдар.
- ✓ ҚР ҚН 4.04-07-2019 – Электртехникалық құрылғылар.

## ІЛЕСПЕ ҚҰЖАТТАМА

1. Материалдар спецификациясы
2. Өнімнің шығу тегі туралы сертификат
3. Кабельдер мен тарату қалқандары үшін сынақ протоколы
4. Тарату қораптары мен тарату қалқандарының жалпы көрінісінің сызбасы
5. Қазақстан стандартының сертификаты (СТ КЗ)
6. Тарату щиттері үшін жабдықтың паспорты

# IMB ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

**КПО ЭЛЕКТРТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАР МЕН МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША ТЕХНИКАЛЫҚ ВЕБИНАР**

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ

**ІРІ ОПЕРАТОРЛАР**

КҮШ-ЖІГЕРДІ БІРІКТІРУ
САНДЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ҰСЫНУ

NCOC NORTH CASPIAN OPERATING COMPANY
Karachaganak
ТШО ТЕНІЗШЕВРОЙЛ

**ОПЕРАТОРЛАР ДЕРЕКТЕРІН БІРІКТІРУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ**

**АДВОКАТТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР**

IMBC International Machine Building Center

**ОТАНДЫҚ НАРЫҚТЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ**

**ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТРАНСФЕРІ**

**ҮКІМЕТ**

ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЫНТАЛАНДЫРУ
ЖЕҢІЛДІКТЕР ЖӘНЕ СУБСИДИЯЛАР

**МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫ**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕС ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТРАНСФЕРІ

# ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТУДЫРАТЫН ТАУАРЛАР

**Қажеттіліктерді талдау және жергіліктендіру басымдықтарын белгілеу кезінде біз FPAL кодтау жүйесін қолданамыз.**

**FPAL тауар кодтары**

- 1.01 Бұрғылау жабдықтары
- 1.02 Тиеу-түсіру жабдықтары мен материалдар
- 2.99 Басқа өнімдер / жабдықтар мен материалдар

| A тауар тобы | B тауар тобы | C тауар тобы | D тауар тобы |
|---|---|---|---|
| 1.09 Электр жабдықтары мен материалдары | 1.04 Сорғылар мен тығыздығыштар | 1.02 Тиеу-түсіру жабдықтары мен материалдар | 1.03 Компрессорлар, желдеткіштер және олардың құрамдас бөліктері |
| 1.10 БӨАмА | 1.11 Технологиялық сүзгілер | 1.07 Жылу алмастырғыштар / Жылуалмасу | 1.05 Қозғалтқыштар және олардың құрамдас бөліктері |
| 2.02 Клапандар және олардың құрамдас бөліктері | 1.12 ЖЖАБ | 1.16 Өртке қарсы жабдықтар | 2.03 Болаттан және металдан жасалған бұйымдар |
| | 2.01 Құбыр өнімдері | 2.07 Химиялық заттар / Майлар / Бояулар | 2.11 Шеберханаға арналған жабдықтар мен қол құралдары |
| | | 2.08 Оқшаулағыш / отқа төзімді материалдар | |

Жоғарыда аталған тауар топтары бойынша сатып алу деңгейі үш оператордың **барлық тауар сатып алуларының 75%-нан астамын** құрайды **

** Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенінің жағдайлық-талдау орталығының статистикалық деректеріне сәйкес*

# ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТУДЫРАТЫН ТАУАРЛАР

| | A тауар тобы | B тауар тобы | C тауар тобы | D тауар тобы |
|---|---|---|---|---|
| Қажеттіліктерді талдау | 35 000 тауар позициялары | 55 000 тауар позициялары | 7 000 тауар позициялары | 12 000 тауар позициялары |
| Синергия арқылы анықталған жоғары сұранысқа ие тауар түрлері | Тауарлардың 19 түрі | Тауарлардың 18 түрі | Тауарлардың 27 түрі | Тауарлардың 39 түрі |
| Нарыққа талдау жүргізу, қолжетімді дереккөздерден алынған кеңейтілген тізім | 90-нен астам өндіруші | 100-нен астам өндіруші | 80-нен астам өндіруші | 120-нен астам өндіруші |
| Қызығушылық танытқан өндірушілерге бару | 72 кәсіпорынға бару жүзеге асырылды | 61 кәсіпорынға бару жүзеге асырылды | 41 кәсіпорынға бару жүзеге асырылды | ӘА |
| Жоғары сұранысқа ие тауарларды өндіретін өндірушілердің шорт-листі | Іріктелген 23 кәсіпорын | Іріктелген 16 кәсіпорын | Орындалуда | ӘА |
| Компаниялардың әлеуетін дамыту | Әлеуетті дамыту бойынша 8 жоспар әзірленді | Әлеуетті дамыту бойынша 3 жоспар әзірленді | ӘА | ӘА |
| Әлеуетті дамыту жоспарларын жүзеге асыру | Ұсынылған 3 өндіруші | Ұсынылған 2 өндіруші | ӘА | ӘА |

**Операторларға берілетін ұсынымдар**

# ЭЛЕКТР ЖАБДЫҚ ПЕН МАТЕРИАЛДАР

## ЭЛЕКТРОТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАР



Кабельдер, сымдар, электр шнурлары
**1,004,436 м/қап/орама**



Кабельдік тіректер және жолдар
**38,395 дана/м/жинақ**



Кабель енгізгіштері (гландтар)

**64,390 дана/жинақ**



Трансформаторлар және оларға арналған қосалқы бөлшектер

**53/502 дана/жинақ**



Шамдар, жарық бергіштер, жарық техникасы

**20,714 дана**



Ауыстырғыштар, бақылау жабдықтары

**99 дана/жинақ/қорап**



Тарату жабдықтары және материалдары
**27,015 дана/жинақ**

technicalsupport@imbc.kz

+ 7 (7172) 39-99-66

www.imbc.kz

*IMB Орталығы ұсынатын өндірушілердің әлеуетін дамытуға қолдау көрсету қызметтерінің ауқымы мен ерекшелігі шектеулі және өндірушінің Операторлардың талаптарына сәйкес өз өнімін жеткізуге дайындығына байланысты жеке тәртіпте ұсынылады.*

*IMB Орталығының көмегі әлеуетті өндіруші тарапынан қандай да бір жауапты әрекеттерге жүктемейді. IMB Орталығының қызметтері Операторлардың сатып алу процестеріне өндірушінің сәтті қатысуы және/немесе келісімшарттар жасасу үшін кепілдік болып табылмайды.*

Karachaganak

# КПО жеткізушілерінің дерекқоры

# КПО ЖЕТКІЗУШІЛЕРІНІҢ ДЕРЕКҚОРЫ



# ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІ ТІРКЕУ

## Барлық әлеуетті жеткізушілер КПО жеткізушілерінің дерекқорында тіркелуі керек

**ТІРКЕУ ПРОЦЕССІ**

**Тіркеу**

келесі туралы ақпаратты ұсыну:

- техникалық құзыреті
- тауарлардың және/немесе жұмыстардың және/немесе қызметтердің мәлімдеген санаттары бойынша т әжірибе
- персоналдың болуы
- қаржылық айналымдар
- т.б.

**ЭТИКАЛЫҚ СЕНІМДІЛІКТІ ТЕКСЕРУ**

КПО заңды талаптарына сәйкес этикалық сенімділік дәрежесін анықтау:

- Қазақстандық және шетелдік заңнаманың талаптарына сәйкестігі
- КПО ішкі нормативтік актілерінің талаптарына сәйкестігі
- құрылтайшылардың тізімдерін ұсыну

КПО жеткізушілерінің дерекқорында тендерге қатысуға немесе келісімшарт алуға кепілдік бермейді. Алайда тіркелген компания қажеттілік туындаған жағдайда тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді ұсыну үшін нарықты зерттеу, алдын ала біліктілік процесі немесе тендерге қатысуға үміткер ретінде қарастырылуы мүмкін екенін білдіреді.

# ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІ ТІРКЕУ

- КПО жеткізушілерінің бірыңғай деректер қорында тіркелу үшін:
  - Сауалнаманы жүктеп алыңыз – https://kpo.kz/ru/postavshchikam/registracija-v-baze-dannykh-postavshchikov-kpo
  - Жеткізушілерді алдын ала бағалау үшін сауалнаманы толтырыңыз және қызмет кодтарын белгілеңіз;
  - Құжаттардың қажетті көшірмелерін қоса беріңіз;
  - Жеткізушілерді алдын ала бағалау және тіркеу үшін толтырылған құжаттар топтамасын MIVQ@kpo.kz электрондық мекенжайына жолдау қажет.
  - Байланыс телефон нөмірлері: +7 (711336) қосымша. 4943, 4946, 2192.

- КПО барлық жеткізушілерді көрсетілген тіркеу деректерін тұрақты негізде жаңартуға шақырады:
  - тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің мәлімделген санаттары бойынша тәжірибе;
  - сертификаттау, аттестаттау;
  - қайта құрылымды;
  - Байланыс тұлғалардың ауысуын.

# НАРЫҚТЫ ЗЕРТТЕУ

| | |
|---|---|
| **МАҚСАТЫ** | ▪ КПО талаптарына сәйкес жұмыстардың қажетті көлемін орындау үшін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің әлеуетті жеткізушілерін айқындау<br>▪ КПО тендерін өткізу кезінде еркін бәсекелестікті қамтамасыз ету |

## ПРОЦЕСС



# «БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕ» ЖҮЙЕСІ






# Сатып алу процесі

# ТЕНДЕР ПРОЦЕСІ

КПО өзінің сатып алу қызметін келесіге сәйкес жүргізеді:

- Өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісім (құпия және тек КПО, серіктес-компаниялар және Қазақстан Республикасы қолдануы үшін) және Қарашығанақ жобасын басқару жөніндегі бірлескен комитеттің тендерлік ережелері
- Қолданыстағы заңнама
- Бекітілген бюджет және Жұмыс бағдарламасы

## ПРОЦЕСС

1. НАРЫҚТЫ ЗЕРТТЕ У / БІЛІКТІЛІКТІ А ЛДЫН АЛА БАҒАЛ АУ
2. ТЕНДЕРГЕ ҚАТЫ СУҒА ШАҚЫРУ
3. ТЕНДЕРЛІК КЕЗЕ Ң
4. ТЕНДЕРЛІК ҰСЫ НЫСТАР БЕРУ
5. ТЕНДЕРЛІК ҰСЫ НЫСТАР БАҒАЛА У
6. КЕЛІСІМШАРТ Ж АСАСУ
7. КЕЛІСІМШАРТҚА ҚОЛ ҚОЮ
8. КЕЛІСІМШАРТТ Ы ІСКЕ АСЫРУ

# ЕРЕКШЕ НАЗАРДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ










**ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАРДЫ РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

**ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАРДЫ E-BIDDING ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**
**(Нұсқауларға сілтеме)**

**ТЕНДЕРГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚТАР**

**ТЕНДЕРЛІК ҰСЫНЫСТАР БЕРУ КҮНІ/УАҚЫТЫ**

# ТЕНДЕР ҚҰЖАТТАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ

1. Ілеспе хат
2. Міндетті түрде қол қйылуы, мөрмен куәландырылуы және белгіленген мерзімде ұсынылуы тиіс нысандар:
   - Хабарлама және құпиялылық туралы келісім нысаны;
   - Тендер нысаны;
   - Корпоративтік меншік туралы куәлік және Белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы өтініш.
3. Тендер нысанына тікелей қатысты құжаттама:
   - Келісімшарт нысаны, соның ішінде:

     Келісім нысаны

     А қосымшасы «Жалпы ережелер мен шарттар»

     В қосымшасы «Жеткізілетін ТАУАРЛАР/ көрсетілетін қызметтер және ерекшеліктер көлемі»

     С қосымшасы «Өтемақы және төлем»

     «D» қосымшасы – Келісімшарттың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша талаптары

     Е қосымшасы «Жергілікті қамту туралы ерекше ережелер»

     F қосымшасы «Жергілікті қамту туралы ақпарат»

     Н қосымшасы «Өндірістік қатынастар»
   - Тендерге қатысушыларға сауалнама
   - Тауарлардың тізбесі және жеткізудің техникалық шарттары (егер қолданылса)
4. Тендерлік ұсынысты дайындау бойынша нұсқаулық:
   - Тендерге қатысушыларға нұсқаулық
   - Тендерлік ұсынысты таңбалау үлгісі



# Жергілікті қамтуды қолдау жөніндегі механизмдер

# Жергілікті қамтуды қолдау жөніндегі механизмдер

**СЫНАМА ТАПСЫРЫС**

Жергілікті жеткізушілерден ТАУАРЛАРДЫҢ сынақ партиясын сынауға арналған тендерлер.

**ЕРТЕ ТЕНДЕР**

Кейінге қалдыру шартымен немесе ұзақ мерзімді жеткізу кестесімен ТАУАРЛАРДЫ жеткізуге арналған келісімшарттар жасалатын тендер түрі.

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТЕНДЕР**

Тек қана жергілікті жеткізушілер арасында өткізілетін тендерлер. Мақсаты - келісімшарттарды Қазақстандық ТЖҚ жеткізушілерімен жасасу.



**ИНВЕСТИЦИЯҒА АЙЫРБАС** КЕЛІСІМШАРТЫ (ҚАЙТА ҚАРАУ КЕЗЕҢІ)

**Инвестицияға айырбас шарты** конкурссыз негізде жасалған ұзақ мерзімді келісімшарт, оған сәйкес жеткізуші Қазақстан Республикасы аумағында сатып алу келісімшартының мәні болатын жергілікті тауарларды өндіруге міндеттенеді.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!